

Әлімхан Ермеков сайраны

(Қарағанды мемлекеттік техникалық университетіне атамыздың атын беру қолға алынса)

Өткен ХХ ғасырдың 30-50-ші жылдары орын алған зорлық-зомбылықтың, заңдылықты бұзудың құрбаны болып, жазықсыз жазаға ұшырап, кейін ақталған қазақ зиялыларының бір топ қайраткерлері қатарындағы ірі тұлғалардың бірі – көрнекті мемлекет және саяси-қоғам қайраткері, математика саласынан тұңғыш ғалым-профессор атағына ие болған Әлімхан Әбеуұлы Ермеков болатын (1891-1970 жж.). Ол – тағдырдың не бір талқысына түсіп, арманда кеткен азамат. Өзінің 18 жыл өмірін, өзі белсене қатынасып құрған мемлекет түрмелерінде өткізген ол бүгінде толық ақталды. Ә.Ермековтің есімі мен мұрасы бүгінде халқымыздың рухани қазынасына айналып отыр.

Оның шын мәнінде, халықтың қамын ойлаған қайраткер ретінде, жарқырай көрінген кезі 1917 жылдар. Том тау-кен институтындағы оқу-ын аяқтамай, Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалысқа араласып кеткен Ә.Ермековтің, 1917 жылдың ақ-паны мен қазан айларындағы негізгі саяси қызметі Семей қала-сымен тікелей байланысты болды. Облыстық және уездік қазақ съездерін өткізуге өз үлесін қосып, алғашында облыстық Қазақ комитетінде, кейіннен облыстық атқару комитетінде қызмет жасап, өлкедегі саяси-әлеуметтік, мәдени мәселелерді шешу тәңірегінде үлкен жұмыс атқарды. Бүліншілік заманда қарусыз қазақтардың қырылуына жол бермей, аш-жалаңаш елге қаржылай көмек беру туралы мәселе көтергендердің бірі осы Ә.Ермеков еді.

Ә.Ермековтің қоғамдық-саяси қызметінің маңызды кезеңінің бірі Ә.Бөкейханов және басқа да қазақтың зиялы қауымының өкілдері жетекшілік жасаған Алаш пен Алашорда тарихынан табылды. Олар Қазақстандағы қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және ұлттық-мемлекеттік құрылыс мәселелерін шешу жолдарын анықтауда ұлттық тұтастық пен халықтық бірлік принциптеріне сүйенді. Мұндай бағыт, әлбетте, аталған мәселелерді шешуде таптық принциптер мен пролетариат диктатурасын негізге алған большевиктерге қарама-қарсы еді. Сондықтан да, Алаш көсемдері мен Алашорда үкіметінің басшылығы 1917 жылғы Қазан төңкерісінің ұрандарын, Кеңес өкіметінің идеялары мен нақтылы іс-әрекеттерін қабылдамады және оларға қарсы шықты.

Азамат соғысы жылдарында (1918-1920 жж.) Алашорда Кеңес өкіметіне қарсы жау күштерімен одақ-тас болды. Нәтижесінде, азамат соғысында жеңіске жеткен Кеңес өкіметі Алаш пен Алашорданы та-рих сахнасынан кетірді. Кеңес өкіметі Алаш пен Алашорданы Қазақ-танның қоғамдық-саяси өмірінен алас-татуда алдау мен арбау әдіс-терін де, қару жұмсап күштеу жолын да қолданды.

Ә.Ермековтің қоғамдық-саяси қыз-метіндегі тағы бір маңызды ке-зең, Кеңес өкіметінің саяси бас-қару жүйесіндегі қызметі 1919 жыл-дың желтоқсанынан басталып жи-ырмасыншы жылдардың соңы-на дейін жалғасты. Осынау та-рихи қысқа мерзімнің ішінде-ақ, Ә.Ермеков Қазақстан Рес-публикасының саяси тарихының бет-терінде өзінің жарқын бейнесін мәң-гіге қалдырып үлгерді. Оның ті-келей қатысуымен қазақ жерінің тұтастығын сақтау, шекарасын анық-тау сияқты ең маңызды жұ-мыстар жүргізілді. Атап айтқанда, Батыс Қазақстан өңіріндегі Каспий жағалауларының, Семей, Ақмола облыстары мен Алтай өңіріне кір-ген қазақтар тығыз орналасқан Ко-ростелов даласының Қазақстанға қайтарылуы.

Сол кезде, оның жетекшілігімен өлке тарихында орасан зор шаралар жүзеге асты. Ол республиканың сая-си, әлеуметтік, экономикалық жә-не мәдени өмірінде болған аса ма-ңызды өзгерістерге басшылық жасады.

Түйіндеп айтсақ, мына жайлар:

Губревком, кейін Қазревком мү-шесі, әрі коллегия төрағасы, жос-парлау басқармасы мен өнеркәсіп саласындағы қызметтерінде жүріп, кеңес үкіметі мекемелерін жергілікті халықтардың өмір жағдайына бе-йімдеу арқылы: біріншіден, жер-гілікті халықтардың құқықтық, әлеу-меттік-экономикалық жағдайын орыс шаруаларының жағдайымен теңестіруге, екіншіден, жергілікті ха-лықтардың кеңес өкіметі мен мемлекет өміріне белсене ара-ласуына мүмкіндіктер туғызу үшін, үшіншіден, орыс шаруалары мен орыс-казактарының қолындағы көшпелі халықтардың ата қоныс мекендерінің қайтарылуы үшін үлкен жұмыс жасады.

Ә.Ермеков республикадағы оқу-ағарту, денсаулық сақтау, мә-дени шараларға да орасан зор көңіл бөліп, бұл салалардағы ме-кемелердің қалыптасып, тұрақты да жемісті жұмыс істеуіне қолғабыс жасап отырды.

Ә.Ермеков қазақ, қырғыз және тағы басқа халық өкілдерінің бұ-рынғы қызметтері үшін немесе бас-қада себептерге байланысты қы-рылып қалудан аман алып қа-лу жолында, барлық күш-жігерін жұм-сап, оларды қуғындау мен қанау әрекеттеріне тыйым салу үшін бар күшін аямады.

Ә.Ермековтің кеңес өкіметі саяси басқару жүйесіндегі қызметінің ең бастысы және маңыздысы, қазақ же-рінің шекарасын анықтаумен мем-лекеттік егемендігі жолындағы табанды күресі болды. Сол үшін бар күш-жігерін жұмсады, бұл ба-ғытта өз кезеңінің мүмкіндіктерін пайдаланып, жоғарғы табыстарға да жетті.

Осындай жауапты жұмыстармен қатар, ол саналы өмірінің басым көпшілігін педагогикалық және ғылыми еңбекке арнады. Ол қазақ зиялыларының қатарынан тұңғыш рет математика саласынан ғалым-профессор атағына ие болып, 1935 жылы қазақ тілінде «Ұлы ма-тематика курсы» атты кітаптың бірінші бөлімі, 1936 жылы ұстаздық тәжірибесі негізінде «Қазақ тілінің математика терминдері» атты тү-сіндірме сөздігі, ал 1937 жылы «Детерминант теориясының эле-менттері» сияқты еңбектері мате-матика тарихына өшпес мұра болып қалды. Өкінішке қарай, 1938 жылы «халық жауы» қатарына жат-қызылып, тұтқындалуына бай-ланысты оның «Ұлы математика курсы» кітабының 2-бөлімі өңделіп, баспаға берілген жерінен жоғалып, дайындаған докторлық жұмысы аяқталмай қалды.

Ол 1921-1922 жылдары Қар-қаралыда екі сатылы мектеп пен педагогикалық техникум (қазір Са-ран педколледжі) ашуға тікелей басшылық жасайды. 1926 жылы бір-жола оқытушылық қызметке ауысқан Ә.Ермеков Қазақстанның бірқатар жоғары оқу орындарында: 1926-1928 жылдары Ташкенттегі тұңғыш қазақ педагогикалық институтының жоғары математика кафедрасының оқытушысы, кейін жаратылыстану-математика факультетінің дека-ны міндетін атқарады. 1928-1930 жылдары Алматы Қазақ мемлекеттік университетінде ма-те-матика кафедрасының до-центі, 1930-1936 жылдары Қазақ мем-лекеттік зоотехникалық-малдә-рі-герлік институтының доценті, әрі профессоры және математика ка-федрасының меңгерушісі, 1936-1938 жылдары Қазақ кен-металлургиялық институтында профессорлық атақ алып математика және теориялық механика кафедрасының мең-ге-рушісі міндетіне қоса жалпы-тех-никалық факультеттің деканы болады. 1938 жылдардың ба-сында Куйбышевтің (қазіргі Са-мара) жоспарлау институтында математика және математикалық статистика кафедрасының мең-герушісі, әрі профессоры болып қызмет істейді. 1947-1948 оқу жыл-дарында Шымкент технология инс-титутының математика кафедрасының меңгерушісі, ал, 1958 жылдан өмірінің соңғы жылдарына дейін Қарағанды политехникалық институтының жоғары математика кафедрасында аға оқытушы болып істейді.

Өкінішке қарай, қазақ ұлт-азаттық қозғалысы қайраткерлерінің сол кезеңдегі әрекеттері тота-ли-тарлық жүйені орнатушы боль-шевиктерге ұнай қоймады. Қалың бұқараны арзан ұрандармен ар-тына ертіп, ал оның көзі ашық көш бастаушыларын «буржуазиялық ұлт-шылдар», «ұлт-тық уклонистер», «халық

жаулары» деп жариялап, алдымен халықты оларға қарсы қойып, артынан қудалап азапқа салды. Тіпті Кеңестік дәуірдегі ғылымдағы, оқу-ағарту ісіндегі, әдебиет пен өнердегі жә-не халық шаруашылығындағы қо-мақты үлестерін жоққа шығарып, жойып жіберді. Мұндай біржақты идеологиялық көзқарас, ұлттық апат-қа, саяси репрессияның қанды шеңгелі Алаш қайраткерлерін тү-гелдей туған-туысқандарымен қоса құртып жіберуге дейін барды. Тіпті, тұтас бір елді мекендер «халық жау-ларының отаны» делініп, ерек-ше есепте тұрды. Сөйтіп, 1980 жылдардың соңына дейін Алаш деген атаудан шошына үрік-кен, секемшіл ұрпақ қалыптасты. Ә.Ермековтің жиырма бес жыл өмірі қуғын-сүргінде, оның ішінде он сегіз жылы, өзі белсене қатынасып құрған мемлекет түрмелерінде өтті. Бірақ, ол, қай уақытта да адамгершіліктің ең биік тұлғасын сақтай білді.

Ә.Ермеков және оның төңіре-гіндегілер ақталғаннан кейін де, олар туралы ақиқат айтылған жоқ. Қарағанды тау-кен институтына жұ-мысқа орналасқаннан кейін өзінің про-фессорлық, тіпті доценттік атақ-ты қайтарып алу туралы жазған арызы аяқсыз қалды. Сөйтіп, Ә.Ер-меков ол заманда шындықтың түбі-не жете алмай кетті.

Әлімхан Ермековке және оның серіктеріне жабылған саяси жа-ланың арсыздығын, бүгінде та-рих өзі дәлелдеп берді, енді олар-ды қалай ардақтаймыз және қас-тер-лейміз десек те жол ашық. Қа-зақстан тәуелсіздік алғаннан бе-рі ұлттық-демократиялық интеллиген-циясының халық таныған көсем-дерінің есімдері халыққа қайта-рылып, олар қалдырған рухани мұ-ра қалың жұртшылықтың игілігіне айналды.

Сонымен, Ә.Ермековтің өмірі мен қызметінің маңызды кезеңдерін ескере отырып, ресми мемлекеттік органдардың және шығармашылық интеллигенцияның назарына тө-мен-дегідей ұсыныстарымызды біл-діреміз:

1. Ә.Ермеков қызметі қазақ хал-қының тұтас ұрпағын отан сүйгіштікке, азаматтыққа және аб-зал қасиеттерге баулуға негіз бола алады. Сондықтан, оның есімін ардақтап: а) болашақ Қазақстан Республикасының негізін құрудағы және оның шекарасын анықтаудағы еңбегін ескеріп Астана, Алматы тә-різді ірі қалалардан көшелер бер-ген жөн, ә) Осындай көшелер ол тұрған, қызмет еткен басқа қа-лаларда да орын алып, мүсіндері орнатылса. б) Қарағанды өлкетану мұражайында Ә.Ермековке арнал-ған материалдарды кең және маз-мұнды түрде жинақтап халыққа насихаттау. Оған қажетті мүліктер және құжаттар жеткілікті.

2. Ә.Ермеков ірі ғалым-мате-матик, талантты қоғам қайраткері екенін, Қазақстанның жоғары оқу орындарының дамуына қосқан ең--бектерін ескере отырып, ту-ған өл-кесінде орналасқан, Сары-ар-қа-ның жоғары оқу орын-дарының

бірі, кезінде ол еңбек еткен Қа-рағанды мемлекеттік техникалық университетіне (ҚарМТУ) осы баба-мыздың атын беру қолға алынса. Бұл туралы талай рет орталық бұ-қаралық ақпарат құралдарында елі-міздің белгілі азаматтары мен шы-ғармашылық интеллигенция өкіл-дері маңызды мәселе ретінде көтерген болатын. (Жәнібек Әлиман. Ермеков есімін ескермесек, елдігіміз қайсы? // Орталық Қазақстан, 2013 ж. 5 қаңтар; Ертай Жәнібеков Қа-лың қазақ қарыздар Ермековке. // Орталық Қазақстан, 2013 ж. 19 қаң-тар т.б.) Ал, бүгінгі күні оны қолдайтындардың саны тіпті көп. Сонымен бірге, Қазақстанның жо-ғары оқу орындарында мате-матика факультеттерінде оқи-тын үз-дік студенттерге оның есімі-мен ата-латын шәкіртақылар тағайын-далса нұр үстіне нұр болар еді. Осы аталған іс-шаралар болашақта атқарылып іске асып жатса, қазақ елінің рухы тағы бір биікке шығар еді.

Бұл атқаратын жұмыстар жаңа қоғамымыздың, бүгінгі мен келешек өскелең ұрпақтың рухани өсіп-өнуіне, дамуына ықпал етері айдан анық. Өйткені, Ә.Ермеков мұрасы біздің сарқылмас рухани қазынамыз. Сонымен бірге, істелетін бұл іс-шаралар көрнекті саяси қайраткер, халқына қалтқысыз қызмет еткен «Алыптар тобының» өкілі, қазақ елінің тәуелсіздігі жолында күрес май-данына шыққан «Алаш» қоз-ғалысының көшбасшыларының бірі, көрнекті мемлекет және қоғам қай-раткері, әрі ғалым, әрі ұстаз, белгілі ағартушыға Ә.Ермековке деген құр-мет болар еді.

Ескере келгенде, көтеріп отырған бастамаларымыз жұмсалатын шы--ғынды рухани ақтайды деп са-наймыз. Бұл жұмыстар елімізге белгілі жеке тұлғалардың өмірі мен қызметін зерттеуге және болашақ тарих ғылымында "Ермековтану" деген бағыттың берік орнығуына, еліміздің рухани өркендеуіне ықпал етіп, жол ашар еді. Еңбектің жеке қосымша зерттеуді қажет ететін тұстары да бар. Ол болашақ үлесіне жатпақ. Өйткені, Ә.Ермеков мұрасы біздің сарқылмас рухани қазынамыз.

Қанат Өскембаев,

Е.Бөкетов атындағы ҚарМУ-дің археология, этнология және Отан тарихы кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент.

Қарағанды қаласы.